

Жануарлар психологиясы




Практикалық сабақ
№3 Жануарлар арасындағы бәсекелестік.




Бәсекелестік

бір немесе бірнеше түрге жататын организмдердің өзара қорек, тұрағы, т.б. ресурстардың жетіспеушілік жағдайындағы қарым-қатынастардың көрінісі. Бәсекелестік байланыстардың түрлері әртүрлі, ол қарапайым физикалық күрестен басталып, бейбіт бірге өмір сүруге дейін барады. Алайда, ерте ме кеш пе экологиялық қажеттілігі ортақ болса, бір түр екіншісін ығыстырып шығарады.



Чарлз Дарвин

Кезінде **Ч.Дарвин** түр ішіндегі бәсекелестікті тіршілік үшін күрестің маңызды әрі жоғарғы формасы ретінде бағалаған. Бұл көрініс өсімдіктер мен жануарлар арасында жиі байқалады. Мысалы, кәдімгі шыршалардың өздігінен сиреуі немесе құмырсқалардың қырылу арқылы популяциясын реттеуі жатады.



Тұраралық бәсекелестік әр түрге жататын түрлер арасында болады. Ол бірде айқын білінсе, бірде онша байқалмайды. Сондықтан эколог **Г.Ф.Гаузенің** зерттеулері бойынша екі түрге жататын популяциялар еш уақытта бір жерде өмір сүре алмайды. Оның біреуі белсенді түр ретінде басымдылық көрсетіп, екіншісін ығыстырады немесе жойып жібереді. Бұл әрине қоректік ресурсқа тәуелді болған жағдайда іске асады. Кейбір жағдайда бәсекелестік қоректік фактор арқылы емес басқа да (мінез-құлық, тұрағы үшін, аумақтық т.б.) факторлардың жетіспеуінен де болады.

Г.Ф.Гаузе мынадай тәжірибе жасаған. 2 пробирка алып, ішіне шөптен жасалған таңба құяды. Оларға туфельканың 2 түрінің өкілдерін жібереді, *Paramecium aurelia* және *Paramecium caudatum*. Пробиркада олар жақсы көбейеді. Содан соң 2 пробиркадағы таңбаны араластырады, біраз уақытқа дейін туфелькалардың көбеюі қалыпты жүреді, содан соң *P. caudatum* саны бірте-бірте азайып жоқ болып кетеді. Ал *P. aurelia* саны тұрақты күйінде қалады.



Бәсекелестердің мұқтаждары неғұрлым ұқсас болса, бәсекелестік соғұрлым қатаң болады. Бәсекелестік күресте жеңіп шыққандар ұрпақ қалдыру мүмкіндігіне ие болады. Бәсекелестік күресте жеңілгендер жойылады. Сөйтіп, түр ішіндегі бәсекелестіктің негізгі нәтижесі популяциялар дивергенциясы болып табылады.



Бәсекелестіктің екі түрі – **тікелей** және **жанама** бәсекелестік кездеседі.

Тікелей
бәсекелестік
даралардың бір-
біріне тікелей
ықпал етуі арқылы
жүзеге
асырылады.



Жанама
бәсекелестік-
даралардың
аралық буындар
арқылы жүретін
бәсекелестігі, оны
әдетте,
пайдаланушылық
бәсекелестік деп
атайды.

Бәсекелестік кез-келген шектелген ресурсқа, сондай-ақ көбею және паналау үшін қолайлы орындарға байланысты туындауы мүмкін.

Түр ішіндегі бәсекелестік көп жағдайларда территориялық, яғни жекелеген жануарлардың немесе олардың топтарының өз территорияларын қорынан байқалады. Кез-келген шектеулі ресурс үшін бәсекелестік, әдетте жануарлардың кеңістікте біркелкі орналасуына әкеліп соғады.



Назарларыңызға РАҚМЕТ!!!

